



Сыр бойы

№110 (21185) 28 шілде, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

 www.facebook.com/syrboyi.kz

 www.instagram.com/syrboyi_kz

 t.me/syrboyi_kz

 twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТЫҢ ЖАЙ-ЖАПСАРЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановты қабылдады. Президентке Агенттіктің биылғы бірінші жартыжылдықта атқарған жұмысының негізгі қорытындылары мен алдағы кезеңге арналған міндеттер туралы есеп берілді.

Жанат Элиманов 496 қылмыстық іс бойынша тергеу аяқталып, жәбірленушілерге 22,6 миллиард теңгенің зардабы өтелгенін жеткізді. Сондай-ақ 7 қылмыстық топтың (оның ішінде төртеуі – трансұлттық топ) және 176 миллиард теңгеден астам қаражатты заңсыз түрде қолма-қол ақшаға айналдырған 44 желінің қызметіне тосқауыл қойылғанын атап өтті.

Есірткі бизнесі мен алаяқтықтан түскен кірісті жылыстату үшін пайдаланылған 12 астыртын криптоайырбастау пунктін жойылған. Бұдан бөлек, өз есепшоттары арқылы 113 миллиард теңгені өткізген 36 дропперлік топ анықталды.

Сондай-ақ Мемлекет басшысына ТМД елдері аумағында алғаш рет дербес деректерді заңсыз иемдену мақсатында ұялы байланыс операторларының жұмысын имитация жасайтын және фишинг SMS-хабарламаларды жаппай тарататын арнайы құрылғыны пайдаланған адамдар ұсталғаны баяндалды.

Агенттік төрағасы бюджет шығыстарына мониторинг жүргізу шаралары туралы айтты. Мәселен, 52 инфрақұрылымдық жоба бо-

йынша 279 миллиард теңге қаржының негізсіз жұмсалуына жол берілмеген. Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру кезінде 10 миллиард теңге көлемінде мемлекет қаржысын жымқыру ықтималдығы анықталды. Сондай-ақ Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан заңсыз қаржы алу үшін жеке клиникалардың 140 мың азаматтың жалған тіркеу мәліметтерін көрсеткені белгілі болды.

Бұдан бөлек, алдын алу жұмыстары аясында заңсыз ойын бизнесінің белгілері бар 9 мың сайт пен аккаунт бұзатталды. Алаяқтық пиғылымен ашылған 2,3 мың ресурстың және 35 мыңнан аса мүшесі бар 25 чаттың қызметі тоқтатылды.

Қаржылық сауатты арттыру бағытындағы іс-шараларға 245 мыңнан астам азамат қатысты. Салалық заңнаманы жетілдірудің нәтижесінде Қазақстанның рейтингтегі орны ФАТФ-тың төрт негізгі ұсынымы бойынша жоғарылады.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Агенттік қызметінің негізгі бағыттарына қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

Кеше сондай-ақ Мемлекет басшысы Ұлытау облысының әкімі Есет Байкенді және Атырау облысының әкімі Болат Ақшопаловты қабылдады. Президентке өңірлерді дамыту жөнінде есеп беріліп, алдағы міндеттер пысықталды.

/// МӘСЕЛЕ

СЫРДА СУ МАМАНЫ НЕГЕ ТАПШЫ?

Өткен ғасырдың екінші жартысы аймақтың экономикалық-әлеуметтік ахуалы үшін тиімді, барынша қолайлы болғаны азаматтар есінде. Дария суы адам күнкөрісіне бұрылды, өзенге тас бөгет салынды. Байтақ жер тегістеліп, егінге су жеткізер каналдар қазылды. Күріштен мол өнім алынды. Егіншілер табысқа көнелді, бауат тұра бастады. Мал шаруашылығы да онды өзгерістен тыс қалған жоқ. Төрт түліктің қонын бітік өскен жоңышқа қалыңдатты. Сүт пен ет көбейді. Ең бастысы, ауыл еңсесін көтерді, қанатын кең жайды, мамандар тұрақтап шоғырланды. Ұшан-теңіз қаражат ел, ауыл игілігіне жұмсалды. Осы тіршіліктің өзегіне нәр беретін ең бір жауапты істе су мамандары жүрді. Олар өмірін болмыстың басты ісіне – жерді күту мен суды онды реттеуге солайымен арнапты.



2-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНДЕ ІЛГЕРІЛЕУ БАР

Кеше өткен мәжілісте өндеу өнеркәсібін дамыту мәселелері қаралды. Саланың ағымдағы көрсеткіштері талданып, жоспарланған инвестициялық жобалар пысықталды. Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев жауапты сала басшыларына инвестициялық жобалардың орындалуын тұрақты бақылауды, құрылыс-монтаж жұмыстарын бекітілген кестеге сәйкес жүргізуді, өндірістік нысандарды жыл соңына дейін толық іске қосуды тапсырды.

Сонымен қатар, өндіріс көлемін ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын ашу, инвестиция тарту және өндеу өнеркәсібінің әлеуетін арттыру бағытындағы жұмысты жандандыру міндеттелді. Туындаған мәселелерді жедел шешіп, белгіленген көрсеткіштерді орындау керек. Өткен жартыжылдықтың қорытындысымен облыстың өндеу өнеркәсібінде

214,8 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 13,8% артқан. Өндеу өнеркәсібіндегі өсімге негізгі салалардағы өндіріс көлемінің ұлғаюы ықпал етті. Атап айтқанда, тамақ өнеркәсібінде 11,3%, кокс және мұнай өнімдерін өндіруде 18,6%, металлургия өнеркәсібінде 6%, резенке және пластмасса бұйымдарын өндіруде 24,8%, өзге де

бейметалл минералдық өнімдер өндірісінде 51,4%, машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату саласында 9,9% өсім болды.

Өндеу өнеркәсібін одан әрі дамыту үшін 42,8 млрд теңгеге 12 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Жобалар толық жүзеге асқанда 380 жаңа жұмыс орны ашылады. Қазір 4 жоба пайдалануға берілді. Олар – «КОМ Хоз Жанақорған», «Марал Нұр», «Абдулла» шаруа қожалығы және «КЗ Сапа бетон» серіктестіктері. Қалған жобалардың құрылыс-монтаж және іске қосу жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілуде.

«СБ» ақпарат

/// Өңір өнімі

КӘСІПТІҢ ЕҢ ҮЛКЕН КАПИТАЛЫ – САПА

Қай істің де берекесі – адал еңбек пен табандылықта. Қызылордада өз кәсібін дөңгелентіп, жергілікті өндірістің дамуына үлес қосып жүрген кәсіпкерлер аз емес. Солардың бірі – «Адал Ас» сауда белгісімен жартылай дайын тағамдар мен кондитерлік өнімдер өндіретін жеке кәсіпкер Бибігүл Қожабергнқызы. Бір кездері өз үйіндегі шағын бөлмеден басталған іс бүгінде тәулігіне жүздеген келі өнім шығаратын, 20 адамды тұрақты жұмыспен қамтыған өндіріс орнына айналды.

Бұл табысқа жету – бір күннің немесе бір жылдың жемісі емес. Оның артында үздіксіз ізденіс, тәуекелге бару, сападан айнымай еңбек ету және мемлекет ұсынған мүмкіндіктерді тиімді пайдалана білу жатыр. Кәсіпкердің айтуынша, кәсіпті бастау туралы ой аяқтастанан келген жоқ.

4-бет



/// ЕҢБЕК АДАМЫ

ҚАРА КЕТПЕННІҢ ҚАСИЕТІ

Тоқсан екі жастағы ақсақал әлі ширақ. Көлікті де өзі тізгіндейді. Өзінен сұрасаңыз, «бейнеттің арқасы» деп күледі. Иә, Қармақшының Төребай би ауылында тұратын Жақсылық қария әлі күнге жерден несібе теріп келеді. Көктемде кетпен шауып, күзде мол өнім жинайды. Дикан атаның мамандығы да ауыл шаруашылығына қатысты екен. Мелиоратор-гидротехник.

Әу баста Ақжар ауылында туып, сол елде қызмет еткен Жақсылық Жалғасбаев көп жыл егін шаруашылығының басында жүріпті. Жас күнінен еңбекке ынталы, сол совхозда бас инженер-гидротехник, егін шаруашылығы бөлімшесінің меңгерушісі, ауылдық комсомол комитетінің хатшысы, директор орынбасары қызметтерінде болған. Ал 1973-1976 жылдары егіс бригадирі, 1976-1979 жылдары Чапаев атындағы колхозда партия ұйымының хатшысы болған.

– 1979 жылы Жосалы совхозының директоры болып тағайындалдым. 1993 жылға дейін осы шаруашылықты басқардым. Әлі есімде, 1985 жылы бесжылдықтың қорытындысымен сол уақыттағы Орталық комитеттің, Министрлер кеңесінің, кәсіподақ ұйымының, комсомол комитетінің ауыспалы «Қызыл туымен» марапатталды. Ел ішіндегі қаншама еңбек адамы жұмысының жемісін көріп, басшылық тарапынан алғыс арқаппа отырды. Өзім 1993 жылы зейнетке шыққандым. Бұл кезде кеңес тарап, ел тәуелсіздігін алған тұс. Артынша «Шабан ата» шаруа қожалығын құрып, бірнеше отбасыны қасыма алып еңбек еттік. Нарық заманында ешкімге қол жаймай, балаларымыздың несібесін жерден сұрадық. Шүкір, сол



кыиы уақытта біздің ауыл адал жұмысының арқасында қысқы азығын жаз бойы қамдап жүрді. Әлі де осы үрдіс жоғалған жоқ, – дейді ақсақал.

Содан бері қарық соғып, бақша егіп, одан шыққан өнімді аудан орталығы мен көрші Төретам және Ақай елді мекендеріне сатуды үйлестірген қария көп отбасыны нәпақасын адалынан табуға тәрбиелегендей. Қазір де 5 гектарға жуық жерді күтіп-баптап, қария өз немерелерін диқандыққа баулып жүр. Тіпті жақын арада қауын-қарбызын сатуға шығарады.

– Қазақ ағайыннан қол үзбеу керек. Өз басым 92-ні толтырып, 93 жасқа аяқ бастым. Әлі күнге дейін осы бақшадан шыққан қауын-қарбызды, картоп, көкөністі ауылдастарыммен бөлісемін. Артылып жатса, балаларға айтып, базарға шығартамын. Осылай ел-жұрттың рақметі мен алғысы болар, шүкір, балаларым да өсті-өнді, абыройлы қызметте, немерелерім де тәрбиелі болып, канат қағып келеді, – деп ағынан жарылды Жақсылық атамсы.

Адал еңбекпен көпке сыйлы қарияның жетістігі көп. Аудан мен облыс басшылығы ақсақалдың еңбегін, жетістігін үлгі етіп келеді. Ауыл шаруашылығындағы мінсіз қызметі мен аудан дамуына үлес қосқаны үшін Қармақшы ауданының құрметті азаматы атағын алған.

Дикан Жақсылық ата отанасы Люба Киммен бірге 8 ұл-қыз тәрбиелеген. Қазір балаларының барлығы да Сыр өңірінде, аудан мен ауылда және Байқоңыр қаласында түрлі салаларда еңбек етеді.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

/// БРИФИНГ

ҚҰРЫЛЫСТА ҚАРҚЫН ЖОҒАРЫ

Құрылыс саласында Қызылорданың аты озып тұр. Мемлекет басшысы мен Үкіметтің қолдауы, облыс басшылығының үйлесімді әрекеті оң нәтижеге әкелді. Осы жылдың 6 айында құрылыс жұмыстарының көлемі 131,3 пайызды құраған. Осылайша облыс еліміз бойынша алдыңғы орындарға көтерілді.



— Әліжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

лық инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге 38 жоба жүзеге аспақ, — деді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төрелиев.

Атап өтерлігі, қаланың сол жағалауында онкологиялық бөлімшесімен бірге аурухана құрылысы қарқынды жүруде. Онда бір ауысымда 100 келушіні қабылдайтын емхана бар, емдеу орны 300 адамға арналған. Бұл нысан осы жылдың аяғына дейін пайдалануға беріледі.

— Қазір «Қызылорда арена» құрылысына да ерекше мән беріп отырмыз. Ірі әлеуметтік маңызды ғимаратта жабық олимпиадалық бассейні, 2000 орындық әмбебап зал, түрлі спорт үйірмелері қамтылады. Онда әлемдік сайыстарды өткізуге мүмкіндік бар. Спорт кешенінің құрылысы жыл соңына дейін аяқталады, — деді басқарма басшысы.

Сондай-ақ 500 келушіге арналған емхана, 200 орынға арналған перинаталдық орталық және Титов мөлтек ауданында 400 келушіге арналған емхана құрылыстары жүруде. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қызылорда қаласында драма театр құрылысы мен тәулік бойы жұмыс жасайтын 600 мың кітап қорын сақтауға арналған Президенттік кітапхана іргетасы қаланды.

Әліжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ: 10 МЛН ТЕҢГЕГЕ ЖУЫҚ ҚАРАЖАТ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Биыл 6 айда өңірімізде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының орташа индексі 101,3 пайыз болды. Бұл республикалық көрсеткіштен (101,9 пайыз) 0,6 пайызға төмен.



Бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу және сауда заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету ҚР Сауда және интеграция министрлігі Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басты назарында. Департамент қызметкерлері есепті кезеңде 98 кәсіпкерлік субъектісін тексерген болатын.

— Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары үшін заңнамада белгіленген 15 пайыздық сауда үстемесінің сақталмау фактілері анықталып, кінәлі тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бұдан бөлек, тауар бағасын заңнама талабына сәйкес рәсімдеген 42 кәсіпкерлік субъектісіне 544 мың теңге

көлемінде әкімшілік айыппұл салынды. Сауда инфрақұрылымын дамыту бағытында облыс орталығындағы «Сыбаға», «Асбол» және «Талғат» базарларында жаңа сауда үйлерінің құрылысы жүріп жатыр. Аталған жобалардың іске асырылуы тұрақты бақылауымызда, — деді департамент басшысының орынбасары Әділхан Төлегенов.

Жыл басынан бері тұтынушылар құқығының бұзылуына қатысты 597 өтініш түскен. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 37 пайызға артық. Оның басым бөлігі бөлшек және электронды сауда, қоғамдық тамақтану және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтері салаларына қатысты.

— Қабылданған іс-шаралар нәтижесінде тұтынушыларға 10 млн теңгеге жуық қаражаттың қайтарылуына ықпал жасалық. 48 кәсіпкерлік субъектісі тексеріліп, 588 мың теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды. Тұтынушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында тұрақты түрде семинар, дөңгелек үстел, ашық есік күні, кеңес беру және ақпараттық акция үлгісінде іс-шаралар ұйымдастырып тұрамыз. Құқығы бұзылған азаматтарға қолданыстағы заңнама аясында тегін құқықтық кеңес береміз. Талап қою құжатын дайындауға және сотқа жүгіну мәселелері бойынша жан-жақты көмек көрсетеміз, — деді Әділхан Төлегенов.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

СЫРДА СУ МАМАНЫ НЕГЕ ТАПШЫ?

Мелиорацияның арқасында туған өлке түледі, танымастай өзгерді, күріш өндіру орталығына айналды. Егіншілер күрішті өсіруде бұрын-соңды болмаған нәтижеге жетті. Су шаруашылығы мамандарының абыройы артты. Олардың алдыңғы қатарында Ержігіт Бозғұлов, Сабыр Арыстанбаев, Айқынбай Дүйсеков, Елтай Құтыбаев, Елтай Тыныштықбаев, Әлімбет Жаббарханов, Мәделхан Нәлібаев, Жанайбек Сақтағанов, Тыныштықбай Сырғабасов, Әскербек Мақұлбеков, Константин Маймин, Кенжебек Ерімбетов, Виктор Морозов, Паламанбет Әжімбетов, Иранбек Тілеулиев, Жаксылық Байділдаев, Исатай Алдабергенов, Төрехан Қарлыханов, Әбдіманан Құтжанов, Камал Құлымбетов, Сламхан Досболов болды.

Алып мұраптардың арқасында Сыр елі бойын тіктеп, бұрындары 25 мың гектардан аспайтын күріш егісі 85-90 мың гектарға жетті. Күрішті баптау мен куту мәдениеті жаңа деңгейге жоғарылады, осы тың тәжірибені қызықтап, үлгі тұтқан өзге ел, басқа аймақ күрішшілері мен мамандары жуықтап, үйренетіндей жағдай жасалды.

Ол кезде облыста жүзге жуық шаруашылық болатын. Мықтылары 2,5-3,5 мың гектар күріш егеді. Солардың әрқайсысында 5-6 білікті су маманы ауқымды, тиімді істер атқаратын. Орташа шаруашылықтарда 3-4 су мамандары бар. Сырдың суы тиімді пайдаланылып, дақылдар қолайлы әдіспен суарылып, мол өнімге қол жетуші еді. Жалпы облыс бойынша су маманы саны 350-дей болатын. Бүгін жағдай өзгеше. Біраз ірі шаруашылықтар шағын қожалықтарға бөлінген. Білуімізше, ірісі, шағыны бар шаруашылықтар саны 500-ді шамалайды. Ал оларда су мамандары 1-бет

саны бар болғаны 25-ке жетер-жетпес көрінеді. Бұл дегеніңіз жотқын қасы! Сонда қалай болғаны?!

Тарих қойнауына енген кеңес одағында «Кадры решают все» деген сөз болатын. Ендеше, соның қатесі жоқ екенін тірі жанға көнбейтін әділ уақыт дәлелден көрсетті. Ол аз десеңіз, атакты шайыр Шораяқтың Омары: «Білімсіз іске аспайды дәркілдек би» деп, осыдан жүз жылдай бұрын ұрпағына аманаттаған! Сонда өңіріміздегі ауыл азаматтарының басты күнкөрісіне айналған инженерлік үлгідегі суармалы алқаптарды су маманысыз жоғары талаптарға сәйкес пайдалануға болады дегенге қалай көніп, қалай илануға болады?! Бұл, кешегі өткен, Сыр өңіріне бұрын-соңды болмаған жаксылық орнатып, қолымызға өздері салып, құрылысын бітіріп, соңындағыны оқытып-шоқытып, бар білімін біздің, өзінен кейінгі ұрпақ санасына аямай төгіп, қуыып, лайын қазына кілтіні қолымызға ұстатып кеткен алып сушылардың еңбегін ескермегендік, ұмытқандық болмай ма, ағайын?! Қызылорда облысы — еліміздегі айырықша ерекшелігі бар аймақ. Ол — мұнда қолдап суарусыз, егінші көмегінсіз ылғалданбай бірде-бір дақыл өсіп-өнбейтіндігі. Егінге қажетті ылғал арнайы салынған суармалау желі арқылы келеді. Сол желі жобасын жасайтын да, кейін оның құрылысын басқаратын да, соңынан сол жүйенің ережелерге сәйкес пайдаланылуын ұйымдастыратын да инженерлік білімі мен білігі бар су маманы. Осы маңызды іс тек сол маманның қолынан келеді.

Сөз жоқ, қазір өңір шаруа қожалықтары аймақты, елді сапасы жақсы, орны бөлек азық — күрішпен қамту жолында

қарымды еңбек етуде. Сонымен қатар олар ауылда еңбектеніп жатқан диқан-дардың, олардың отбасы мүшелерінің де лайықты күнкөрісте болуына бар мүмкіндігін жасауда. Мұны терең түсінбеске, бағаламасқа, қолдамасқа тіпті болмайды. Дегенмен, ауыл келешегін ойлап, болжап, қамдауға да жоғары көңіл бөлу қажеттігін міндетімизден, санамыздан, ойымыздан ешкім алып тастаған емес. Онда бар-шамыз туған өлкемізді ең қажет маманнан жетімсіретпей, бар мүмкіншілігімізді пайдаланып, осыны орнықты шешуге атсалысуымыз қажет сияқты.

Осы мәселе турасында біраздан бері жан-жақты ізденіп, ойланып, толғанып келеміз. Ақыры бір нобайын тапқандаймын.

Әр ауылдың егін көлеміне сәйкес су маманы қажет. Әр елді мекеннен сол ауыл үшін жанын салып іс атқаратын өнегелі жас табылады. Солардың арасынан су маманын дайындау үшін ауыл әкімі мен шаруашылық басшысы жас талапкерді таңдап, оқытуға болады. Міне, ағайын, ауылда су маманын қажетті қалыпқа жеткізудің бір жолы — осы.

Жасыратыны жоқ, өз білімімен мемлекеттік грантка ие болып, жоғары оқу орнын тәмамдаған азамат көбіне жеке қалауымен жұмыс орнын тауып жатады. Оларды қанша үгіттегенімен ауылға баруы екіталай. Бүгінгі күні ауылды қажетті мамандармен қамтамасыз ете алмаудың бір сыры осында жатқаны белгілі. Сондықтан о баста, сол ауылда мектеп бітірген жасқа мол сенім білдіріп, оған ауылдың, шаруа қожалығының грантын қолына ұстатып, оқып жүргенде де онымен тікелей байланыста болып, саналы, білімді, өнегелі маман дайындап шыкса, сөз жоқ, ол маман ора-

лады, уәдеде тұрады, бар күш-жігерін салып өз ауылы үшін еңбектенеді.

Көріп отырғанымыздай, аймақ көлемінде қоры шектеулі суды егісте барынша тиімді пайдалану мақсатында салмақты жобалар бар. Ендеше, осы игілікті істер негізінен өңір шаруа қожалықтарында орындалуы тиіс. Сонда осы мәселенің бар сыры мен қырын жетік білетін, егжей-тегжейлі орындайтын су мамандары жоқ болса, әлгі қарымды іс-шаралар қалай жүзеге асады?!

Су маманы суармалы егіс күтушісі, баптаушысы, керек болса, дәрігері! «Малды тапқанға бақкыз» депті бабалар. Ауылда дәрігерлер мен медбикелер бар, жанды емдейтін. Ветеринарлар бар. Ал суармалы егістің дәрігері — су мамандары неге тапшы? Осы қателікті жөндейтін уақыт жеткен сияқты.

Ауыл емес, кейбір отбасының өзі баласының оқу ақысын көтеріп жатқан заманда, бір-екі су маманын дайындап, оқытып алу ауызбірлігі жарасса, бір ауылға, ондағы шаруашылықтарға аса қиын емес. Оған кейінгі еңбек ақысын сол су маманы өзінің адал, жанкешті, ауылының болашағы үшін жасайтын жанашырлық еңбегімен қайта-қайта ақтайды.

Тарихта бұрын бой көрсеткен болымды құбылыстар кейде жаңа деңгейде қайталанатын деген бар. Оған уақыт төреші. Осы ұсынысымызды ауыл азаматтары жоғары түсіндіріп, солардың бірі бөлігінің қолданысы тоқтатылды. Құжатқа сәйкес, 2027 жылғы 1 маусымға дейін көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесі пайдаланылмайды. Бұл жүйе автомобиль көлігі саласындағы тасымалдау қызметіне қатысты құжаттарды тіркеуге, есепке алуға, өңдеуге және сақтауға арналған. Сонымен қатар, жүйе арқылы көлік құжаттары туралы нысандайған мәліметтер уәкілетті мемлекеттік органдар мен тасымалдауға қатысушыларға жолданады.

Бұл маңызды іс ауыл азаматтарының қолдауына ие болып, ойдағыдай өрбіп жатса, шаруа қожалықтарының гранты негізінде оқуға түскен ер балалар саны артар еді. Жұмысымыздың алғашқы нәтижесін санаулы жылда сол талапкер біздің университетті бітіріп шыққанда көреміз әлі. Ортақ іс қолдау тапса, оншақты жылда аймақ шаруашылықтары су мамандарымен қанағаттанарлық деңгейде қамтамасыз етілуі әбден мүмкін. Онда қазіргі ауыл азаматтарының келешек ұрпақ алдындағы бір парызы орындалған болар еді. Қалай дегенде де су маманы Сыр елінің тіршілігі үшін ауадай қажет. Бөріне тиянақты тәртіп, білікті маман, уақытқа сай жасалған игі бастама өлшем болады. Өйткені, су мәселесі — өңірдің мәселесі.

Серікбай ҚОШҚАРОВ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
профессоры, техника
ғылымдарының докторы,
инженер-гидротехник

ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
августа



ГОЛОСУЙ
ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

www.election.gov.kz

ШЕТЕЛДЕ ДАУЫС БЕРУ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдеріне тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген және Қазақстан Республикасының жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі.

Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Қазақстан Республикасының азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына жүтінген жағдайда және оларда Қазақстан Республикасы азаматының жарамды паспорты болған кезде сайлаушылар тізімдеріне енгізіледі.

Егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс беріп болса, дауыс беру кез келген уақытта аяқталды деп жариялануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында қолжетімді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

ЕЛ
ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

БІРЫҢҒАЙ ЖҮЙЕНІ ҚОЛДАНУ ТОҚТАТЫЛДЫ

Елімізде 2027 жылғы 1 маусымға дейін көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесін қолдану уақытша доғарылды, — деп хабарлайды ҚазАқпарат.

2015 жылғы 26 наурыздағы «Автомобиль көлігімен жүк тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» бұйрықтың бір бөлігінің қолданысы тоқтатылды. Құжатқа сәйкес, 2027 жылғы 1 маусымға дейін көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесі пайдаланылмайды. Бұл жүйе автомобиль көлігі саласындағы тасымалдау қызметіне қатысты құжаттарды тіркеуге, есепке алуға, өңдеуге және сақтауға арналған. Сонымен қатар, жүйе арқылы көлік құжаттары туралы нысандайған мәліметтер уәкілетті мемлекеттік органдар мен тасымалдауға қатысушыларға жолданады.

ДӘРІ-ДӘРМЕК БАҒАСЫ ӨСТІ

Еліміздің денсаулық сақтау саласындағы инфляция бір жылда 11%-ға өсіп, дәрі-дәрмек бағасы 20%-ға өсті, — деп хабарлайды Egemen.kz.

Ұлттық статистика бюросының маусым айындағы деректеріне сәйкес, дәрігер-мамандардың қарбылдау процесі ең көп қымбаттаған қызметтердің қатарына енген. Қызмет құны бір жылда 16%-ға артқан. Сондай-ақ амбулаториялық қызметтер 13%-ға, ультратрадыс-

тық зерттеу (УДЗ) 15%-ға, рентген 12,6%-ға, магниттік-резонанстық томография (МРТ) 10%-ға, физиотерапиялық ем 9,6%-ға қымбаттаған.

Стоматологиялық қызметтер де айтарлықтай қымбаттады. Сонымен қатар фармацевтикалық өнімдердің бағасы бір жыл ішінде 20%-ға көтерілген.

МЕМЛЕКЕТТІК КЕПІЛДІК ӨЗГЕРІССІЗ ҚАЛАДЫ

Министрлік зейнетақы кепілдігіне қатысты ақпаратқа ресми түсініктеме берді. Egemen.kz-тің мәлімдеуінше, міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына берілетін мемлекеттік кепілдік өзгеріссіз қалады. 2027 жылдан бастап мемлекеттік кепілдіктің өзі емес, заңнамада қарастырылған өтемақы төлеу тетігінің бірі өзгереді, яғни азаматтардың міндетті зейнетақы жарналары бұрынғыдай мемлекет кепілдігімен қорғала береді.

Бұл өзгерістер жинақтаушы зейнетақы жүйесінің дамуына байланысты енгізіліп отыр. Зейнетақы жүйесіндегі жаңа ережеге сәйкес, салымшылар зейнетақы жинақтарының 100 пайызына дейін инвестициялық портфельді басқарушы компанияларға сенімгерлік басқаруға бере алады. Бұған дейін мұндай мүмкіндік жинақтың 50 пайызына дейін ғана берілген болатын.

Министрлік қолданыстағы заңнама азаматтардың зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ететінін атап өтіп, Ұлттық банк те зейнетақы активтерін басқаруды жалғастыратынын мәлімдеді.

«СБ» ақпарат

Сыр бойы

№110 (21185) 28 шілде, сейсенбі 2026 жыл

/// МЕРЕЙ

Ізімізді басып келе жатқан ілтипатты ініміз Әбдімәжиттің жетпіс жастың жүлгесіне жетіп жатқанын естігеннен кейін оның өмір жолына, ғұмырлық деректеріне, қызмет жолдарына қайта бір үңіліп, бай-ыпты бейілмен қарап шықтық. Тегінде, біз оны алғаш ат жалын тартып мініп, азаматтық кезеңді бастан кеше бастаған кезінен жақсы білетін едік. Былайша айтқанда, көз алдымызда өсті, қалыптасу сатысынан өтті, сол себепті оның осы кезге дейінгі барлық жемісті жетістіктері мен толайым табыстарына куә бо-лып келеміз. Осы күндерде сонымен бірге тұлға тұрғысында тұғырға қонған бауырымыздың шыққан тегі мен өнген өтенін де біршама зерттеп көрдік. Сосын осыған қатысты білгендеріміз бен естігендерімізді, оқығандарымыз бен тоқығандарымызды ортаға салғанда жөн көрдік.

ӨГЕМНІҢ ӨЖЕТ ӨРЕНІ



Оңтүстік Қазақстан өлкесінің қазіргі өзбек жерімен шектесетін шегінде Өгем деген өзгеше жота бар. Оның арғы бетін ежелгі казактар тұрақтары – Бостандық пен Шыршық тумандары, бергі капталын киелі Қазығұрт ауданы еңдей жайлап жатыр. Өгемнің көк сенгірлі өркеш-өркеш өресінен әрі қарай асып түссен, шыңдардың шырқауынан шапшып шығатын Шыршық дариясы дәрегіне тап боласың, бері қарай сол жоталардың тұтас бір сілемі – Қаржан шоқысының шаужайын қиялай кесіп өтсең, ежелгі аңыздардан бері сабақты жібі үзілмей келе жатқан Жылғаан атаның кемесі қалды делінетін мүйістің маңайынан табыласың. Екі жағы да киелі мекен, кастерлі қоныс, өнегелі өріс.

Бірақ бұлар әзелден енішілері бөліспеген, негізінен казактың белгілі бір тайпалары түтін түтеткен өмірі өзгеше өңірлері еді. 1956 жылы Одақтың сол кездегі атайман басшылары бір қолдың ұшымен пәрмен беріп, Өгемнің өкпе тұсын – Пскемнің етегіндегі еңселі елді Өзбекстанға беріп жібергенге дейін ол Оңтүстік Қазақстан облысының бүтін бір ауданы болатын. Біздің бұл реткі кейіпкеріміз – Әбдімәжит екі дүниенің еріксіз аударылып-төңкеріліп жатқан дәл сол аласапыран шағында, 1956 жылғы шіліңгір шілденің аптап аңызағы андағайлап соғып тұрған пойтінде өмірге келіпті. Бұл пәсте ондағы өңіріміз біркелкі Жоғары Шыршық ауданының аумағы-тын, соңыра 1963 жылы ғана Ғазалкент өз алдына енішісін алып шығып, Бостандық деп аталатын екінші ағайындас ауданға айналды.

Әлетте сондай алмайайпн уақытта өмірге келген өрендер өзгеше өнімді де өтімді, өршіл де өжет, өркеуде де өктем болып өседі деседі. Сол сөз ақиқат шығар, Өгемнің өзгеше саф ауасын құныға жұтып, Шыршықтың шымырлап бойға тарайтын таза суын құмары қанып ішкен Әбдімәжит те бала жасынан пісентті пысық, жыл-дымды жинақы болумен бірге, тым арманшыл да әсіре қиялшыл болып жетіліпті. Зәуіде бір осындайды еске түсіргенде, ол бұрын өзімізге қарап тұрған Бостандықтың «Табақсай» ауылында дүние лидарын көрген, тап сол алашапқын жылдары бозбала жасөспірім болып қалған әйгілі баскетболшы Әлжан Жармұхамедовтің арада 16 жыл өткеннен кейін, 1972 жылдың жазында Мюнхенде өткен Олимпиаялық ойындарда қалың қазақ жұртынан шыққан тұңғыш чемпион атанғанын есте қаперіне алмай тұра алмас еді. Қарап тұрса, бұл да кезінде өзіне біраз мотивация, яки жасындай жігер мен сергек серпін берген сияқты.

Мұның үстіне, Әбу Сина заманынан бергі ме-дицина әлемінде әрбір зәузат адамның жалғанның жалапағына келген кесімді мерзімі, жылы, тіпті зәулігі мен сағатына дейін онын мінез-құлқына, физиологиясы мен өмір ырағына тікелей әсер етеді деген ғылыми және психологиялық болжамдар бар. Кейбір зерттеулер туған жыл мезгілінің адам баласының болмыс-бітімі мен көңіл күй ауанына өз ізін қалдыратынын көрсетеді. Ал біздің қаһарманымыз сынды шілде айында кіндігі кесілгендер туасы сезімтал, отбасышыл, эмоционалды және өте камкор болып келетін көрінеді. Олар текті тәкаппарлық пен ерекше еркіндікті сүйеді, бірақ туған-туыстары мен жақындарына қашанда мейірім шапағатын төгіп жүреді.

Біз Мүбәтін бәрін неге айтып отырмыз? Себебі, осы қасиеттердің бәрінiң қалпесінен өзіміз ертеден жақсы танытын айтулы азамат, белгілі бизнесмен, бір әулеттің еңсе тұтар егемен егесі Әбдімәжит Жансакаловтың портреттік полотносына жақкетті нақыш пен реңк беретін бояулардың палитрасын айқын көріп тұрмыз. Бұған енді оның Арыстан шоқжұлдызына жататын толымды тұлға екеніне назар аударсақ, біз бейнелеп отырған образдың бұрынғыдан бетер толыса, толыға түсетінін тағы байқағмыз. Расында 23 шілде мен 22 тамыз аралығында шаранадан шыққан оғландар нағыз ат жалды арыстан болып құралады екен. Өйткені, бұл жұлдыз жұлынының байырқалы белгісі аң патшасындай айбатты болып қалыптасып, батылдыққа, лидерлік қабілет пен дарынды болмысқа құлаш сермейтіндігі арқылы анық аңғарылып тұратынға ұқсайды. Тегі, арыстан нышанды атпал азамат өз кәсібінің саласында үлкен табыстарға қол жеткізеді, соның ішінде жеке кәсіпкерлікті дөңгелеңтіп әкете алады, дәйім жаңа мүмкіндіктерді пайдаланып қалуға ұдайы ұмтылып тұрар еді.

Ал біз Мәжитпен ол әлі коммерцияның көсеуін көсеп, көсегесін көгерте қоймаған кезінен таныс-біліс болдық. Әлі есімде, біз қызмет етіп жүрген жылдары, сонау кенес кезеңінде, 1985-1989 жылдары қаланың іргесіндегі Сыр-дария аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында құрылыс саласын қадағалау тобының басшысы болып жүрді. Өгемнің өжет өрені сол уақыттың орайында да

НАЗАР

Қызылорда облысы әкімдігінің 2026 жылғы 27 шілдедегі №154 қаулысы

«ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2026 ЖЫЛҒЫ 30 СӘУІРДЕГІ №81 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №81 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:
көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облы-сының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.
2. «Қызылорда облысының балалардың құқықтарын

қорғау жөніндегі басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары М.3.Шермағанбетке жүктелсін.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі
М.ЕРГЕШБАЕВ

Қызылорда облысы әкімдігінің
2026 жылғы «27» шілдедегі № 154
қаулысына қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2026 жылғы «30» сәуірдегі № 81 қаулысымен
бекітілген

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қызылорда облысының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) балалардың құқықтарын қорғау, қорған-шылық және қамқоршылық саласындағы функцияларды жүзеге асыруға Қызылорда облысының әкімдігі уәкілеттік берген Қазақ-стан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. Басқарманың ведомстволары жоқ.
3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конс-титуциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқық-тық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. Басқарма коммуналдық мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабаңдары, белгіленген үлгідегі бланктері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.
5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жа-сайды.
6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған уәкілеттік берілген жағдайда мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. Басқарма өз қызметінің мәселелері бойынша заңнамала белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.
9. Басқарманың орналасқан жері: индексі 120003, Бейбарыс Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1 ғимарат.
10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табы-лады.
11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.
12. Басқарма кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.
Егер Басқармаға заңдармен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Респуб-ликасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюд-жетке жіберіледі.

2-тарау. Басқарманың мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:
1) балалардың құқықтарын қорғау, қорғаншылық және қамқоршылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыру.
14. Өкілеттіктері:
1) құқықтары:
Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияла-рын жүзеге асыру үшін заңнамала бекітілген тәртіппен: мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;
өз қызметіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинар-лар, конференциялар өткізуге; қолданыстағы заңнамала қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы;
2) міндеттері: заңды және негізделген шешімдер қабылдауға; қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге; жеке және заңды тұлғалардың Басқармаға жолдаған өтініш-терін қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар беруге; жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға; қолданыстағы заңнамала қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.
15. Функциялары:
1) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
2) балалардың құқықтарын қамтамасыз етуді, олардың құқықтарын бұзушылық профилактикасын және оны ерте анықтауды үйлестіру, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды қабылдау;
3) тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, денешынықтыру және спорт, әлеуметтік қызмет көрсету және отбасын әлеуметтік қорғау саласында балалар мүдделеріне орай Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындаған мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;
4) балалардың құқықтарын қамтамасыз етуге, олардың құқықтарын бұзушылық профилактикасына және оны ерте анықтауға, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі шара-ларды қабылдауға бағытталған шаралардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру;
5) мемлекеттің кәмелетке толмағандарға қатысты қорғаншы-лық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру;
6) уәкілетті органдар мен ұйымдарды, оның ішінде отбасын қолдау орталықтары мен психологиялық қолдау орталықтарын тарта отырып, өз қызметі шегінде отбасыларға және мынадай: орта білім беру ұйымдары мен техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар-дың педагог-психологтарында және әлеуметтік педагогтерінде тәуекел тобында тұрған балаларға, оның ішінде зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау туралы хабарлаған, суицидтің инеті, су-ицид жасауға әрекет ету фактілері бар кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ педагогикалық қолдап отыру шеңберінде баса назар ау-даруды талап ететін балаларға; отбасын қолдау орталықтары мен психологиялық қолдау орталықтары қолдап отыраң; кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның отырыстарында қаралған; баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын бұрын болған ұйымдарда құқықтарының бұзылуына байланысты (оның ішінде зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау салдарынан); тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері анықталған, өмірде қиын жағдайда ұшыраған адамдарды (отбасыларды) ерте анықтау және оларға қолдау көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі мобилдік топтар анықталған; кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) күтіп-бағу бойынша өз міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналары, заңды

өкілдері бар балаларға көмек ұйымдастыру және жеке профилак-тика шараларын қолдану;
7) осы тармақтың 6) тармақшасында аталған балаларға алты айда кемінде бір рет ұдайы бару және олардың жағдайын бағалау;
8) қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы), патронаттағы, ба-ланы қабылдайтын отбасылардағы, баланы қабылдайтын кәсіби отбасылардағы балалардың жай-күйін бағалау және оларға қажетті көмек көрсету мақсатында ұдайы бару арқылы алты айда ке-мінде бір рет балалардың жағдайын мониторингтеу және бағалау;
9) кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған жеке адамға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша қылмыстық процесс шеңберінде балаға көмек көрсетуді және оны қолдап оты-руды ұйымдастырудың жеке жоспарын құру;
10) кәмелетке толмағандар болатын мемлекеттік органдарға және білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт жүйелерінің ұйымдарына, сондай-ақ кәмелетке толмағандар ұсталатын қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне кедергісіз бару;
11) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан балалардың құқықтарын қамтамасыз ету, олардың құқықтарын бұзушылық профилактикасы және оны ерте анықтау мәселелері бойынша, сондай-ақ балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі қабылданған шаралар туралы ақпарат сұрату;
12) баланың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүд-делерінің бұзылуына қатысты жолданымдарды және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың, олардың лауазым-ды адамдарының баланың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзатын шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарау;
13) баланың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің кедергісіз іске асырылуына және олар бұзылған жағдайда қалпына келтірілуіне жәрдем көрсету;
14) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетітіруді жө-нінде ұсынымдарды әзірлеу және Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкілге енгізу;
15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте балалардың құқықтарымен айна-лысатын мемлекеттік және қоғамдық институттардың құжат-тарына сұрау салу бойынша қол жеткізу;
16) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де функцияларды жүзеге асыру.

3-тарау. Басқарманың бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.
17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасы-ның заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауа-зымнан босатылады.
18. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:
1) өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде Басқарма басшысы Қызылорда облысының әкіміне және жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;
2) өз қызметі шегінде мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Басқарманы білдіреді;
3) еңбек қатынастары мәселелері өз қызметіне жата-тын Басқарма қызметкерлерін заңнамға сәйкес қызметке та-ғайындайды және қызметтен босатады;
4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;
5) еңбек қатынастары мәселелері оның қызметіне жататын Басқарманың қызметкерлеріне заңнамала белгіленген тәртіп-пен тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;
6) бұйрықтарға қол қояды;
7) Басқарманың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
8) шарттар жасасалды;
9) сенімхаттар береді;
10) өз өкілеттіктерін ұйымдастыру және ішкі тәртіп мәселелері бойынша актілер қабылдайды;
11) Басқарманың мүддесін сот органдарында білдіреді, Басқарманың атынан талапкер, жауапкер ретінде әрекет етеді;
12) сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға дербес жауапты болады;
13) Басқарманың жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;
14) Қызылорда облысы әкімінің және облыс әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын орындайды;
15) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;
16) қызметі шегінде нормативтік құқықтық актілердің жоба-ларын әзірлеуді ұйымдастырады;
17) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;
18) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;
19) Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезінде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4-тарау. Басқарманың мүлкі

19. Басқарманың заңнамала көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.
Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.
20. Басқармаға бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.
Басқармаға қатысты коммуналдық меншік құқығының субъектісі болып «Қызылорда облысының экономика және қар-жы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі табылады.
21. Егер заңнамала өзгеше көзделмесе, Басқарманың өзіне бекітілген мүлкікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлкікті өз бетімен иеліктін шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

22. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
Басқарма таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыры-лады.

Ибрагим ӘБИУЛЛАЕВ,
Қызылорда облысының құрметті азаматы

/// ТУРНИР

АЗАМАТ РУХЫН АСҚАҚТАТҚАН АЛАМАН



Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан белгілі қаржыгер-экономист, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Қамбарбек Мұбарақовті еске алуға арналған мемлекеттік қызметшілер арасындағы облыстық футбол турнирі мәресіне жетті.

Бұқаралық спортты дамытуға, мемлекеттік мекемелер арасындағы әріптестік байланысты нығайтуға бағытталған долаға аймақтағы түрлі құрылымдардан жасаталған 27 команда қатысты. «Евразия» және «Шұғыла» спорт кешендерінде өткен кездесулер алғашқы минуттан-ақ жоғары қарқынмен өріп, қатысушылар жеңіс жолында барын салды. Турнирдің ашылу салтанатына облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық маслихат

төрағасы Мұрат Плембетов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы-ректоры Наурызбай Байқадамов, мемлекет және қоғам қайраткері Руслан Рүстемов, К.Мұбарақовтің отбасы мүшелері, жақындары қатысты.

Шарада аймақ басшысы Қамбарбек Амангелдіұлының қажырлы еңбегі мен адал қызметіне тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Осы жарыстың ашылуына орай ҚР Премьер-министрінің

бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың арнайы құттықтауын жеткізді. Сөз кезегінде ардақты азаматтың досы, әріптесі Руслан Рүстемовты және ағасы Бақытжан Амангелдіұлы жылы естеліктерімен бөлісті.

Қамбарбек Амангелдіұлы саналы ғұмырын ел игілігі жолындағы қызметке арнады. Ол әр жылдары Шиелі ауданының әкімі, облыстық тексеру комиссиясының төрағасы, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, экономика және қаржы басқармаларының басшысы сынды жауапты лауазымдарды абыроймен атқарды. Қай қызметте жүрсе де мемлекет мүддесін биік қойып, Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған маңызды бастамалардың жүзеге асуына елеулі үлес қосты. Іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында өңір өркеніне серпін берген бірқатар тың жобалардың қолға алынуына ұйытқы болып, елге адал қызмет етудің жарқын үлгісін көрсетті.

Турнирдің шешуші кезеңінде жинақы әрі нәтижелі ойын өрнегін көрсеткен Жаңақорған ауданы әкімдігі аппаратының командасы бас жүлдені иеленді. Экономика және қаржы басқармасының құрамасы күміс жүлдеге қол жеткізсе, Төтенше жағдайлар департаментінің командасы үшінші орыннан көрінді. Жарыс барысында шеберлігімен ерекшеленген ойыншылар да арнайы аталымдармен марапатталды. Экономика және қаржы басқармасының өкілі Диас Алпысбай үздік қақпашы деп танылса, Төтенше жағдайлар департаментінің ойыншысы Әсет Есенбаев үздік қорғаушы атанды. Үздік шабуылшы жүлдесі Жаңақорған ауданы әкімдігі аппаратының ойыншысы Бексұлтан Айтмағамбетовке табысталды. Ал Денсаулық сақтау басқармасының өкілі Мейірімжан Имаш турнирдің ең үздік ойыншысы ретінде марапатталды.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

ЖАРҚЫН БЕЙНЕҢ МӘҢГІ ЖҮРЕГІМІЗДЕ...



Ортамызда жүрген кимас жаң, асыл жар, ардақты ана Жүлүмбетова Айгүл Меңдіғарақызының мезгілсіз қазасы қабырғамызды қайыстырып, бәрімізге ауыр тиді. Сол күннен бастап ортамыз ойсырап, жүрегімізде орны толмас сағыныш қалды...

Ардақты жанның жарқын бейнесі – жүрегімізде, өмір жолы – жадымызда, ақыл-кеңесі – өмірлік темірқазығымызға айналды. Ол өз өмірінде үлгілі ана, аяулы жар, ізетті келін және кәсіби маман ретінде өшпес із қалдырды.

Айгүл Меңдіғарақызы 1976 жылы 22 наурызда Қызылорда қаласында дүниеге келген, 1997 жылы Қорқыт ата атындағы университеттің бухгалтер мамандығын тәмамдаған. Қаржы саласында жемісті қызмет атқарып, кейіннен жеке кәсіппен табысты айналысып келген еді.

Сыр өңіріне танымал Матаевтар әулетінің ардақты келіні болды, жары Мұстафаұлы Талағатпен бірге 2 ұл, 1 қыз өсіріп, 2 немере сүйген аяулы ана, сүйікті әже атанды.

Аяулы жар, асыл ана Айгүл Меңдіғарақызының рухына бағиы-талған бейсенділік ас 2026 жылғы 30 шілде күні сағ.12-00-де Демесінов көшесі, 17 үй мекенжайында және қырық күндік асы 2026 жылғы 29 тамыз күні сағ. 12-00-де «Хайат паласта» өтетіндігін хабарлаймыз.

Матаевтар әулеті

ХАБАРЛАНДЫРУ

«САУТС-ОЙЛ» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, Кеңлік кен орнында жобалық тереңдігі 1650 (±250) м болатын №№ 210, 211, 212, 213, 214, 215, 216, 217 пайдалану ұңғымаларын салуға арналған топтық техникалық жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі және табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны мен уақыты:

Тереңөзек кенті: 2026 жылғы 31 тамыз сағат 10:00-де, мекенжайы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Қонаев көшесі, 8.

Жалағаш кенті: 2026 жылғы 31 тамыз сағат 11:30-да, мекенжайы: Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі, 7.

Тереңөзек кенті үшін Zoom конференциясына сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/81696368099?pwd=QbmccuuRCckTgNLbpDQJ91KLbqaVKC.1>

Жалағаш кенті үшін Zoom конференциясына сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/81696368099?pwd=QbmccuuRCckTgNLbpDQJ91KLbqaVKC.1>

Конференция идентификаторы:

816 9636 8099

Қолжетімділік коды: 305399
Жалағаш кенті үшін Zoom конференциясына сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/82611517841?pwd=IzdIhGBm1lbYCrpvoYTOmMPazNloEE.1>

Конференция идентификаторы: 826 1151 7841

Қолжетімділік коды: 031889
Ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдауларды үйлестіруге жауапты орган: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, электрондық пошта: prd@korda.gov.kz. Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> ақпараттық жүйесінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=kk> сайтында танысуға болады.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «САУТС-ОЙЛ» ЖШС, БСН: 060440001855, тел.: +7 707 388 86 86. Эл. пошта: PRESIDENT@SOUTH-OIL.COM.
Жобалаушы ұйым: «КазНИГРИ» ЖШС, БСН: 991240001478, электрондық пошта: info@kaznigri.kz, тел.: 8 (7122) 763090.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «САУТС-ОЙЛ» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» к Групповому техническому проекту на строительство эксплуатационных скважин №№210, 211, 212, 213, 214, 215, 216, 217 с проектной глубиной 1650(±250)м на месторождении Кенлык и План мероприятий по охране окружающей среды.

Общественные слушания состоятся:

п.Тереңөзек: 31 августа 2026 года в 10:00 часов по адресу: Кызылординская область, Сырдарьинский район, с. Тереңөзек, ул. Қонаева 8.
п.Жалағаш: 31 августа 2026 года в 11:30 часов по адресу: Кызылординская область, Жалағашский с.о., ул. Желтоқсан 7.

Ссылка на Zoom конференцию для п.Тереңөзек:

<https://us06web.zoom.us/j/81696368099?pwd=QbmccuuRCckTgNLbpDQJ91KLbqaVKC.1>

Идентификатор конференции: 816 9636 8099

Код доступа: 305399

Ссылка на Zoom конференцию для п.Жалағаш:

<https://us06web.zoom.us/j/82611517841?pwd=IzdIhGBm1lbYCrpvoYTOmMPazNloEE.1>

Идентификатор конференции: 826 1151 7841

Код доступа: 031889
Орган, ответственный за координацию общественного слушания в форме открытого собрания: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области», эл. почта: prd@korda.gov.kz. С пакетом проектной документации можно ознакомиться в информационной системе <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru>.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «САУТС-ОЙЛ», БИН: 060440001855, тел.: +77073888686, эл.адрес: PRESIDENT@SOUTH-OIL.COM

Проектная организация: ТОО «КазНИГРИ», БИН: 991240001478, эл.: info@kaznigri.kz, тел.: 8(7122) 763090.

КӘСІПТІҢ ЕҢ ҮЛКЕН КАПИТАЛЫ – САПА

– Біз ең алдымен облыс нарығын жан-жақты зерттедік. Қайта өңдеу саласының болашағын бағамдалдық. Мемлекет тарапынан шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған бағдарламалар, жеңілдетілген несиелер кәсіп бастауға үлкен мүмкіндік берді. Сонымен бірге жартылай дайын тағам өндірісі – халыққа әрдайым қажет, сұранысы тұрақты бағыттардың бірі. Осы мүмкіндіктердің бәрін саралай келе дәл осы саланы таңдадық, – дейді Бибігүл Қожабергенқызы.

Осылайша 2020 жылы кәсіпкер өз үйіндегі бір бөлмені шағын өндіріс орнына айналдырып, жартылай дайын тағамдар шығаруды бастайды. Алғашқы уақытта өндіріс көлемі үлкен болмағанымен, әр өнімге жауапкершілікпен қарап, сапаны бірінші орынға қою кәсіптің алға жылжуына негіз болды. Тұтынушылардың сенімі артып, өнімге деген сұраныс көбейген сайын өндірісті кеңейту қажеттілігі де туындады. Бұл кезеңде кәсіпкер мемлекеттік қолдау тетіктеріне жүгінді. 2021 жылы «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жылдық 2 пайыздық мөлшерлемесмен 9 миллион теңге көлемінде жеңілдетілген несиесі алып, толыққанды өндірістік цехтың жұмысын бастады. Жаңа құрал-жабдықтар алынып, өндіріс көлемі ұлғайды. Сонымен қатар жаңа жұмыс орындары ашылды. Алайда өндірісті кеңейту тек қаржы мәселесімен шектелмейді. Тамақ өндірісінің өзіндік жауапкершілігі, технологиялық талаптары бар.

– Бұл салада қиындық барлық кезеңде кездеседі. Өйткені тамақ өндірісі өте жауапты жұмыс. Әр өнімнің сапасын бақылау керек, шикізаттың бағындығын күн сайын тексеру қажет. Бірақ біз үшін ең үлкен мәселенің бірі – тәжірибелі технолог мамандардың тапшылығы болды. Әсіресе тағам технологиясы мен тағам химиясы саласындағы мамандар аз еді. Сондықтан жаңа технологияларды игеру үшін Ираннан арнайы технолог мамандарды шақырып, олардың тәжірибесін өндірісімізге енгіздік, – дейді кәсіпкер.

Оның айтуынша, осындай ізденістің арқасында кәсіпорын өндіріс мәдениетін қалыптастырып, өнім сапасын жаңа деңгейге көтере алды. Кәсіптің дамуындағы келесі маңызды кезең 2025 жылға тұспа-тұс келеді. Нарықтағы сұраныс артып, кәсіпкер өнім түрлерін көбейтуге бел буады.



Осы мақсатта «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жылдық 6 пайыздық мөлшерлемесмен 12 миллион теңге көлемінде жеңілдетілген несиесі рәсімделді. Бұл қаражатқа кондитерлік цехқа қажетті заманауи құрал-жабдықтар сатып алынып, өндірістің жаңа бағыты іске қосылды. Соның нәтижесінде бүгінде кәсіпорын жартылай дайын өнімдермен қатар кондитерлік өнімдердің де кең түрін шығарады. Қазіргі таңда өндіріс орнында тәулігіне 500 келіден астам жартылай фабрикат өнімдері және 150-200 келіден астам кондитерлік өнімдер өндіріледі. Дайын өнімдер Қызылорда қаласындағы және облыс аудандарындағы ірі супермаркеттер мен сауда орындарына жеткізіліп, тұтынушылардың сұранысына ие болып отыр. Кәсіпкердің пікірінше,

өндірістің тұрақты дамуының бір ғана кепілі бар. Ол – сапа.

– Біз үшін сапа – ең бірінші қағида. Сондықтан өндірісте арнайы тәжірибелі технолог жұмыс істейді. Әр өнім бірнеше кезеңдік бақылаудан өтеді. Сонымен қатар тұтынушылармен әрдайым байланыстамыз. Айтылған әрбір ұсыныс пен орынды сын біз үшін маңызды. Өйткені сапаны арттыру – ешқашан тоқтамайтын жұмыс, – дейді Бибігүл Қожабергенқызы. – Өндірістің кен-еюімен бірге жұмысшылар саны да артты. Бүгінде мұнда 20 адам тұрақты еңбек етеді. Кәсіпкер ұжым қалыптастыруда кәсіби біліктілікпен қатар жауапкершілік пен тазалыққа ерекше мән береді. Біздің сауда маркамыздың өзі – «Адал Ас». Сондықтан қызметкерлерден ең алдымен тазалықты, жауапкершілікті

талап етеміз. Жаңадан келген мамандардың барлығы арнайы оқутудан өтеді. Оларға өндірістегі ішкі стандарттар мен сапа талаптары толық түсіндіріледі. Бұдан бөлек, сырттан технолог мамандар шақырып, жаңа өнімдердің технологиясын меңгертеміз. Өйткені өндіріс үнемі жаңарып, дамып отыруы тиіс.

Бүгінде «Адал Ас» атауы өңір тұрғындарына жақсы таныс. Кәсіпорын өнімдерінің сұранысқа ие болуының басты себебі де осы тұрақты сапаға деген ұстаным болса керек. Бибігүл Қожабергенқызы бизнестің бүгінгі деңгейге жетуіне мемлекет тарапынан көрсетілген қолдауды ықпалы зор болғанын ерекше атап өтті. – Жасыратыны жоқ, бизнесті дамытуға қосымша қаржыландырудың

маңызы өте үлкен. Мемлекет басшысының кәсіпкерлікті қолдау саясатының аясында өңірде көптеген мүмкіндік жасалып отыр. Біз «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жеңілдетілген несиесі алдық, сондай-ақ «Даму» қоры арқылы пайыздық мөлшерлемесі субсидиялар тетіктерін пайдаландық. Осындай қолдаудың арқасында кәсібімізді кеңейтіп, өндірісті жаңа деңгейге шығара алдық. Бұл – мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге көрсетіліп отырған нақты қолдау, – дейді кәсіпкер.

Бүгінде өндіріс орны тек табыс көзі ғана емес, өңір экономикасына үлес қосып отырған шағын өндірістік кәсіпорындардың біріне айналған. Дегенмен кәсіпкер жеткен жетістікті жеңінің соңы деп есептемейді. Алдағы жоспар да ауқымды.

– Кәсіптің өркендеуі тоқтаусыз дамумен қатар жүреді. Сондықтан алдағы уақытта өндіріс орнын кеңейтіп, цехтың қуатын арттыруды жоспарлап отырмыз. Сонымен бірге жаңа өнім түрлерін шығарып, тұтынушыларға тың ұсыныстар ұсыну – басты мақсатымыздың бірі, – дейді Бибігүл Қожабергенқызы.

Өз кәсібін бастауды армандайтын жандарға, әсіресе үй жағдайында еңбек етуді көздейтін қыз-келіншектерге айтар ақылы да қарапайым әрі өмірлік тәжірибеден туған.

– Егер нақты бір кәсіпті бастауды мақсат етсеңіз, тәуекелге барып, алғашқы қадамды жасаудан қорықпаңыз. Өрине, алдымен нарықты зерттеп, сұранысқа ие өнімді анықтау қажет. Бірақ қандай кәсіппен айналысқансыз да, еңбектенуден жалықпау керек. Адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнату, тұтынушының сеніміне ие болу маңызды. Ал ең бастысы – қандай өнім шығарсаныз да, сапаны ешқашан екінші орынға қоймаңыз. Сапа – кез келген кәсіптің ең үлкен капиталы, – дейді кәсіпкер.

Үйдігі шағын бөлмеден басталған іс бүгінгі күні өңірге танылған өндіріс орнына айналып отыр. Бұл – еңбекке адалдықтың, ізденістің және мемлекеттік қолдауды тиімді пайдаланудың нақты нәтижесі. Осындай кәсіпкерлердің табысты тәжірибесі өңірде өңдеу өнеркәсібінің дамуына серпін беріп қана қоймай, кәсіп бастауға ниетті азаматтарға да сенім мен жігер сыйлайтыны анық.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

1-бет

www.facebook.com/syrbойi.kz/

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялындар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АК» - ақилы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіреліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrbойi@yandex.kz / www.syrbойi.kz

Таралымы 19492

Тапсырыс №1265

Кезекші редактор Ержан ҚОЖАС